

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыттары бойынша
академиялық комитет мәжілісінің

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

28.09.2023 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы – Халилаева Э.Ж., аға оқытушы, АК мүшелері – п.ғ.к., доцент Джаздықбаева М.Б., п.ғ.к., доцент Жумадуллаева А.А., п.ғ.к., доцент Кайбулдаева Г.А., PhD, аға оқытушы Мейрбекова Г.П., жұмыс беруші өкілі «Балдырған» бөбекжай-балабақша меңгерушісі Есетова С.М., білімгерлер: 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ білімгері Жарылхасын Д.Д., 7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ магистранты Мирзаева С.А.

Қатыспағандар:-

Күн тәртібінде

1. АК жұмысын ұйымдастыру. Ережелермен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.

2. Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігіне (АРТА) постмониторинг есебін дайындау. (6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ., 7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу)

Тыңдалды:

АК төрағасы Э.Ж.Халилаева: Саламатсыздар ма, құрметті АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде АК жұмысын ұйымдастыру. Ережелермен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу. Осыған орай Академиялық комитет құрамына біршама өзгерістер енгізілді. Академиялық комитет құрамына жаңадан м.шелер қосылды. Басшылыққа төменде көрсетілген кестеге сәйкес Академиялық комитет құрамына ұсыныс берілді:

№	Аты-жөні	Қызметі, атағы, дәрежесі	Телефон	Ескерту
1	Халилаева Эльмира Жахановна	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасы, аға оқытушы	87759395725	АК төрағасы
2	Джаздықбаева Мария Ботайқызы	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасы, п.ғ.к., доцент	87754760760	АК мүшесі, академиялық персонал
3	Жумадуллаева Айгул Аязбаевна	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасы, п.ғ.к., доцент	87711455169	АК мүшесі, академиялық персонал
4	Кайбулдаева Гульнара Ахметовна	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасы, п.ғ.к., доцент	87014213840	АК мүшесі, академиялық персонал
5	Мейрбекова Гүлмира Пернебайқызы	Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасы, PhD, аға оқытушы	87025596961	АК мүшесі, академиялық персонал
6	Есетова Салтанат Махамбетовна	«Балдырған» бөбекжай-балабақша меңгерушісі	87775327839	АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі

7	Жарылхасын Динара Дінмуханқызы	6B01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ, білімгер	87475408373	АК мүшесі, білімгер өкілі
8	Мирзаева Сайера Анваржанқызы	7M01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ, магистрант	87763272399	АК мүшесі, білімгер өкілі

Академиялық комитет құрамы 28.09.2023ж. №180 бұйрығымен бекітілді.

Академиялық комитеттің барлық мүшелері ережелер, сол ережеге сүйеніп жасалған жұмыс жоспары таныстырылды. АК 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспары бойынша ұсыныстарыңыз болса, ортаға салып талқылайық.

Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу. Университет түлектерінің моделін әзірлеу. БББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жоспарлау жүргізу. Қыркүйек айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АК мүшесі, А.А.Жумадуллаева: 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебінде АК жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту ұсыныстарының бір пунктінде ББ-ның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту керек деген ұсыныс берілген. Сол себепті жаңа 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарында мониторингке арналған ұйымдастыру жұмыстары жоспарға енгені абзал деп санаймын.

Сөз кезегін АК мүшесі М.Б.Джаздықбаева: 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарында практика бағдарламаларына ҚР Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің 2023 жылдың 27 наурызындағы №125 бұйрығына сәйкес аудит ұйымдастырылып, мазмұнын жаңарту мәселелері өте маңызды деп есептеймін. Кәсіби практика - білім алушының –оқу пәні дәрежесінде білім кеңістігін құрайтын және оның кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды сала.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі «Балдырған» бөбекжай-балабақша меңгерушісі С.М. Есетова:

Білім беру жүйесінде өзара қатынас пен өзара әрекетті тиімді ұйымдастыруға қабілетті маманға деген қажеттілік айқындалып келеді, соған байланысты жоғары оқу орындарында психологиялық-педагогикалық кадрларды даярлау үдерісі, бұл саланың қызмет дағдылары мен сапаларын меңгерге, осы сала мамандарына деген тапсырысты анықтайды, ол жоғарғы білім беру жүйесінде білімгерлерді сәйкес мамандықтарға даярлауда жаңашылдықты талап етеді.

Заманауи мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырушылық, басқарушылық дағдыларын қалыптастыру керекпіз, бұл жоғары психологиялық-педагогикалық білім алған маман, ол білім беру үдерісін психологиялық қамтамасыз етуге, тұлғалық даму мен тиімді элеуметтенуді қамсыздандыруға, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, балалардың құқығын қорғауға, олардың дамуындағы және мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алуға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асырушы. Оның кәсіби деңгейі педагогика мен психологияның ғылыми негіздерінен, түрлі психологиялық техникаларды меңгеруінен, өзінің кәсіби құзыреттілігінің шегін ұғынуы мен ұсынысы және оларды жүзеге асыру мен салдары үшін жауапкершілігін түсінуінен, психологиялық-педагогикалық мәдениет пен тұлғаның жетілуінен тұрады. Бізге осындай мамандар қажет.

АК мүшесі – Г.А.Кайбулдаева: Екінші мәселе бойынша 6B01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламаларының Тәуелсіз аккредиттеу агенттігінің мамандандырылған акредитациясы шеңберінде стандарттар өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан өзін-өзі бағалау бойынша постмониторинг процесінің жұмыстарын жоспарлау жүргізу мәселесі бойынша тоқталып өтті.

АК мүшесі Г.П.Мейрбекова: Аккредиттеуден кейінгі постмониторинг-бұл аккредиттеуден өткеннен бастап келесі тәуелсіз сыртқы бағалауға дейінгі аккредиттеу кезеңін қамтиды. Аккредиттеуден кейінгі постмониторинг өткізудің мақсаты аккредиттеу

стандарттарын орындауды қолдау болып табылады. Аккредиттеуден кейінгі мониторинг аккредиттеу өлшемдеріне сәйкес аккредиттелген білім беру ұйымының сыртқы сараптау комиссияның ұсынымдарын немесе білім беру бағдарламаларын іске асыру мониторингі мақсатында жүргізіледі.

Кафедраға қатысты ББ бойынша жіберетін аралық есеп білім беру бағдарламасына қатысты сыртқы сараптама комиссиясының ұсынымдарын іске асыру жөніндегі қызмет туралы ақпаратты қамтиды және аккредиттеу стандарттары мен өлшемдеріне сәйкес БББ және университеттегі барлық өзгерістер, яғни оқу-тәрбие үдерісіндегі ақпаратты қамтиды.


Сондықтан аккредиттеуден кейінгі постмониторинг есебін жазу барлық сұрақтар бойынша толық мәліметтерді қамтып дәлелдеуші құжаттармен бірге дайындалуы қажет.

АК төрағасы Э.Ж.Халилаева: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

ШЕШІМ:

6В012, 7М012 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыттары бойынша Академиялық комитеттің 2023-2024 оқу жылына Жылдық жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.

АК төрағасы:



Э.Ж.Халилаева

Хатшысы:



С.А.Мирзаева